

«БЕКІТЕМІН»  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
Президенті \_\_\_\_\_ У.С.Абдибеков  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-013-2016

### МОДУЛЬДЕР (ПӘНДЕР) КАТАЛОГІН ӨЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫСӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментімен  
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер – Департамент директоры Ә.Төлеп  
Әдістемелік бөлім басшысы Н.Орманов
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент  
Б.Ахметов  
Аккредитация, рейтинг және сапа басқарма  
басшысы Ж.Дарихбаев  
– Құқықтық және экономикалық қадағалау  
басқарма басшысы А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2016
5. Тексеру мерзімі – 2018

Қызметтік қолданыс үшін басылым

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-013-2016</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		<b>12 беттің 2 –ші беті</b>

**Түркістан 2016**

**МАЗМҰНЫ**

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы ережелер	4
5	Модульдер каталогінің құрылымы мен мазмұны	4
6	Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу және бекіту тәртібі	6
7	Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу талаптарын сақтау, бақылау тәртібі	6
8	Қосымша	7
9	Танысу парағы	12
10	Өзгерістерді тіркеу парағы	13

*Ahmet Yasawi University*

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі		12 беттің 3 –ші беті

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) модульдік білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда модульдер (пәндер) каталогінің құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте модульдер каталогінің құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, модульдер каталогінің құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және оның әзірленуі мен бекітілуіне қойылатын талаптар мамандық дайындайтын кафедраларда мамандықтың оқу-әдістемелік кешеніне міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-013-2016 Университет ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережені әзірлеу мен бекітуде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

– Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы (Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 24 қазандағы №487-ІV толықтырулар мен өзгерістер енген);

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 (ҚР БжҒМ 28.01.2016 ж. № 90 өзгеріс пен толықтырулар) бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары» Ережелері

– ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

– ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

– УС-ХҚТУ-022-2014 Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымы, мазмұны, дайындау және бекіту тәртібі;

– УЕ-ХҚТУ-030-2015 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі. (толықтырулар мен өзгерістер ОӘК Хаттама №10 31.05.2016 енген).

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже – модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі;

ҚНВБ – құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасы;

МБББ – мамандық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы

НОЖ – негізгі оқу жоспары;

МОӘК – мамандықтың оқу-әдістемелік кешені;

ПЖБ – пәннің жұмыс бағдарламасы;

ОПҚ – оқытушы-профессор құрамы.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		12 беттің 4 –ші беті

Модульдер (пәндер) каталогі (МК) – оқу мазмұнын, көлемін және зерттеуден күтілетін нәтижелерді (білім алушылардың алатын білімі, іскерлігі, құндылық құраушылары мен құзыреттерін) көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасы берілетін барлық модульдердің (пәндердің) жүйеленген аннотацияланған тізбесі.

#### 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Модульдің (пәннің) сипаттамасы.

Модульдер (пәндер) каталогі – университетте МОӘК негізгі құраушы құжаттарының бірі.

Модульдер (пәндер) каталогі негізінде білім алушы эдвайзердің көмегімен жеке оқу жоспарын құрастыру жүзеге асырылады.

Модульдер (пәндер) каталогі дайындықты жетілдіру мақсатында пәннің оқытудың педагогикалық тиімді әдістемесін құру мен ұдайы жетілдіру мақсатымен жасалады.

4.2 Модульдердің сәйкестілігі.

Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу кезінде ескеріледі:

- мамандықтың НОЖ;
- МБББ енетін оқу курсының, пәннің, модульдердің (пәндердің) шамамен алынған бағдарламалар мазмұны; оқытудың алдыңғы және кейінгі кезеңдерінде зерделенетін пәндер бағдарламаларының мазмұны.

4.3 Әзірлеу саласы.

Модульдер (пәндер) каталогі мамандықтың НОЖ әрбір модуліне (оқу пәніне) сәйкес әзірленеді. Модульдерді әзірлеу кезінде модульдердің (пәндердің) арасындағы логикалық байланысты ескеру және оқу материалының қайталанбауын қамтамасыз ету керек.

4.4 Мамандықтар үшін модульдер каталогі.

Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеуді жүзеге асыруда маман дайындаушы кафедраға басқа кафедралардан модульдерге (пәндерге) қатысты материалдар ұсынылады.

4.5 Модульді қалыптастыру үшін алдынала атқарылатын жұмыстар:

- бар оқу пәндерін зерделеу;
- пәндерді кешенді зерделеу үшін өзара мазмұны жақын, байланысты пәндерді модульдерге біріктіру;
- модуль (пәннің) көлемін анықтау (3-13 кредит немесе 5-22 ECTS шегінде);
- әрбір модульге код беру және оларды мәліметтер базасына орналастыру;
- күтілетін оқыту нәтижелерін қалыптастыру;
- модульдік бағдарламалардың мазмұнын анықтау;
- оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін, қажетті оқыту әдістері мен формаларын анықтау;
- модуль мақсатына сәйкес практикалық тапсырмалар кешенін әзірлеу;
- қорытынды бақылау (емтихан өткізу) түрін анықтау.

4.6 Модульдер каталогінің үлгісі қосымшада келтірілген.

#### 5 МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

5.1 Модульдер (пәндер) каталогі МОӘК құраушы компоненті және дербес оқу-әдістемелік құжат болып табылады.

Модульдің (пәннің) құрылымы төмендегідей компоненттерді қамтуы қажет:

- 1) модульдің (пәннің) коды және атауы;
- 2) модульге (пәнге) жауапты;
- 3) модуль (пән) түрі (жалпы міндетті модуль/мамандандыру бойынша міндетті модуль, таңдау бойынша модуль);

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		12 беттің 5 –ші беті

- 4) модуль (пән) дәрежесі (BA/MA/PhD);
- 5) аптадағы сағат саны;
- 6) кредит/ ECTS саны;
- 7) оқу түрі;
- 8) семестр;
- 9) білім алушылар саны;
- 10) модульдің (пәннің) пререквизиттері;
- 11) модуль (пән) мазмұны;
- 12) құзыреттер және оқыту нәтижелері;
- 13) қорытынды бақылау нысаны;
- 14) кредиттерді алу шарттары (модуль (пән) жүктеген барлық жұмыс түрлерін орындау, емтихандағы баға);
- 15) модульдің ұзақтығы (бір семестр немесе екі семестр);
- 16) әдебиеттер;
- 17) жаңартылған күні.
- 5.2 Модульдің (пәннің) атауы және шифр.  
Мамандықтың НОЖ анықталған модульдер (пәндер) коды мен атауы жазылады.
- 5.3 Модульге (пәнге) жауапты.  
Модульді (егер модуль бірнеше пәндерден тұратын болса) оқытатын ОПК тізімі, ғылыми атағы мен дәрежесі толық жазылады.
- 5.4 Модуль (пән) түрі (жалпы міндетті модуль/мамандандыру бойынша міндетті модуль, таңдау бойынша модуль).  
Модульдік білім беру бағдарламасына сәйкес модульдің атауы көрсетіледі.
- 5.5 Модуль дәрежесі (BA/MA/PhD).  
Оқыту деңгейлерінің (бакалавриат, магистратура, докторантура) біреуі көрсетіледі.
- 5.6 Аптадағы сағат саны.  
Модульді (пәнді) оқытудағы аптадағы оқу жұмыстарына үлестірілген сағаттар мөлшері НОЖ сәйкес жазылады.
- 5.7 Кредит/ECTS саны.  
Модульге бөлінген/үлестірілген кредит/ECTS саны көрсетіледі.
- 5.8 Оқу түрі.  
Білім алушылардың оқу түрі (күндізгі, сыртқы, қысқартылған, т.б.) анықталады.
- 5.9 Семестр.  
Білім алушылардың НОЖ бойынша модульді оқитын семестр көрсетіледі.
- 5.10 Білім алушылар саны.  
Модульді (пәнді) зерделеудегі білім алушылардың ең аз мөлшері мен ең көп саны жазылады.
- 5.11 Модульдің пререквизиттері.  
Модульді (пәнді) зерделеу үшін оқу материалдары тірек болатын пәндер тізімі келтіріледі.
- 5.12 Модуль мазмұны.  
Модульдің (пәннің немесе пәндердің) қысқаша мазмұны сипатталады.
- 5.13 Құзыреттер және оқыту нәтижелері.  
Модульді (пәнді) зерделеуде қалыптастырылатын құзыреттер МБББ мазмұнындағы білімгерлердің меңгеретін құзыреттері, оқыту нәтижелері модульдерге (пәндерге) сәйкестігі бойынша алынады  
Анықталған құзыреттерді қалыптастырудағы құраушы оқыту нәтижелері: білім – білік – құндылық құраушылар тізбегінде мазмұндалады.
- 5.14 Қорытынды бақылау түрі.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		12 беттің 6 –ші беті

Модульді (пәнді) зерделеудегі оқу жетістіктерін аралық қорытынды бақылау түрі көрсетіледі.

5.15 Кредиттерді алу шарттары (модуль жүктеген барлық жұмыс түрлерін орындау, емтихандағы баға).

НОЖ-нда көрсетілген модульді (пәнді немесе пәндерді) зерделеудегі барлық оқу жұмыс түрлері және оң баға алу үшін талаптар көрсетіледі.

5.16 Модульдің (пәннің) ұзақтығы (бір семестр немесе екі семестр бір курс шеңберінде).

Модульді (пәнді немесе пәндерді) зерделеудегі семестр немесе семестрлер көрсетіледі. Мұнда мүмкіндігінше бір модульдің (пәннің) болуы ұсынылады.

5.17 Әдебиеттер.

Модульді (пәнді немесе пәндерді) зерделеудегі негізгі 3-6 пән тізбегі көрсетіледі.

5.18 Жаңартылған күні.

Модульдің (пәннің) түзілген және/немесе жаңартылған мерзімі жазылады.

## **6 МОДУЛЬДЕР (ПӘНДЕР) КАТАЛОГІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ**

6.1 Әзірлеу тәртібі.

Модульдер (пәндер) каталогі жетекші оқытушылармен және әр модульдің (пәннің) ОПҚ әзірленеді және ол оқытуды қамтамасыз ететін кафедра мәжілісінде талқыланады.

6.2 Модульдер (пәндер) каталогін бекіту.

Модульдер (пәндер) каталогі университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, Сенат мәжілісінде бекітіледі.

6.3 Модульдер (пәндер) каталогін қайта қарау тәртібі.

Модульдер (пәндер) каталогі ҚНББ жетілдіру жағдайында және (немесе) мамандықтың НОЖ қайта өңдеу (өзгерту) кезінде қайта қарастырылады.

Модульдер (пәндер) каталогі жыл сайын пәнді оқытатын кафедра ОПҚ мен әзірленіп, маман шығарушы кафедра тарапынан жинақталады және мәжілісінде талқыланады.

6.4 Модульдер (пәндер) каталогі даңпаларының саны.

Модульдер (пәндер) каталогі маман дайындаушы кафедралар, факультет декандары, департамент қызметкерлері үшін жеткілікті мөлшерде дайындалады.

## **7 МОДУЛЬДЕР (ПӘНДЕР) КАТАЛОГІН ӘЗІРЛЕУ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ, БАҚЫЛАУ ТӘРТІБІ**

7.1 Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу талаптарын сақтауға бақылауды кафедра меңгерушісі, факультет деканы, департамент қызметкерлері жүзеге асырады.

7.2 Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу талаптарын сақтамағаны үшін кафедра меңгерушісіне және университеттің ОПҚ ішкі нормативтік құжаттарда көрсетілгендей тәртіптік шаралар қолданылады.

**КЕЛІСІДІ**

**Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент**

**Б.Ахметов**

**Аккредитация, рейтинг және сапа басқарма басшысы**

**Ж.Дарибаев**

**Құқықтық және экономикалық**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі		12 беттің 7 –ші беті

қадағалау басқарма басшысы

А.Абсеметов

8 ҚОСЫМША

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ФАКУЛЬТЕТІ**

(факультет атауы)

(кафедра аты) **КАФЕДРАСЫ**

# **МОДУЛЬДЕР (ПӘНДЕР) КАТАЛОГІ**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі		12 беттің 8 –ші беті

## Түркістан 20 ...

Модульдер (пәндер) каталогі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат Мәжілісі (хаттама № \_\_, \_\_. \_\_. 20\_\_ жыл) мен оқу-әдістемелік Кеңесі шешімімен мақұлданған (хаттама № \_\_, \_\_. \_\_. 20\_\_ жыл).

Каталогке (кафедраның аты) кафедрасында .... мамандық бойынша негізгі оқу жоспарлары негізінде пәндердің қысқаша сипаттамасы енгізілді.

**Баспадан шығаруға жауапты:**

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент, (аты жөні)

**Құрастырушылар:.....** (төменде көрсетілген бөлім басшылардың аты-жөні жазылады)



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		12 беттің 9 –ші беті

(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, әдістемелік бөлім басшысы, факультет деканы, мамандыққа жауапты кафедралар)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 20....

## МАЗМҰНЫ

1. 5B000000 – .....
- 2.

Ahmet Yasawi University

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		12 беттің 10 –ші беті

20.... – 20.... оқу жылына арналған 5В0..... – ..... мамандығы бойынша  
модульдер (пәндер) тізімі

№	Р/с	Пән коды	Пәннің (модульдің) атауы	Кредиті КР/ECTS
1	2	3	4	5
<b>1</b>	<b>Мемлекеттік міндетті модуль (8 кредит)</b>			
	1	KKZT1101	Қазақстан қазіргі заман тарихы	3/5
	2	AKT1104	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	
	3	Fi12105	Философия	
<b>2.1</b>	<b>Коммуникативтік модуль (міндетті) (2 кредит)</b>			
	1	К(О)Т2101	Қазақ (орыс) тілі	3/5
	2	ShT2102	Шетел тілі (ағылшын тілі)	8/14
		TT2103	Түрік тілі	6/10
<b>2.2</b>	<b>ЖОО электив модулі (8 кредит)</b>			
	1	TKP2201	Түркі мемлекеттер тарихы	2/3
	2			
	3			
	4			
	5			
<b>3</b>	<b>Кәсіби модульдер блогы (96 кредит)</b>			
<b>3.1</b>	<b>Базалық кәсіптендіру модулі</b>			
		<b>Модуль - Педагогика</b>		3/5
	1			
<b>3.2</b>	<b>Жеке білім траекториясының модульдері (ЖБТ)</b>			<b>ТК</b>
		<b>ЖБТ1 .....</b>		
		<b>Модуль -</b>		
<b>4.</b>	<b>Тәжірибе</b>			<b>МК</b>
<b>5.</b>	<b>Оқытудың қосымша түрі</b>			

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		12 беттің 11 –ші беті

				<b>Барлығы:</b>

20..../20.... оқу жылына арналған 5В..... – ..... мамандығы бойынша

### МОДУЛЬДЕР (ПӘНДЕР) СИПАТТАМАСЫ

<b>Модульдің атауы және шифр</b>	В.113 Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	
<b>Модульге жауапты</b>		
<b>Модуль түрі</b>		
<b>Модуль дәрежесі</b>		
<b>Аптадағы сағат саны</b>		
<b>Кредит/ECTS саны</b>		
<b>Оқу түрі</b>		
<b>Семестр</b>		
<b>Білім алушылардың саны</b>		
<b>Модульдің пререквизиттері</b>	-	
<b>Модуль мазмұны</b>	..... .....	
<b>Құзыреттер және оқыту нәтижелері</b>	<i>Метақұзыреттер</i> Б1.1.....	<i>Пәнді оқытудың соңғы нәтижесі</i> Білімі: – ..... – ..... Дағды: – ..... – ..... Құндылық құраушылары: – .....
<b>Қорытынды бақылау</b>	Емтихан	
<b>Кредиттерді алу шарты</b>	Лекция, зертханалық сабақтар, СӨЖ, үй тапсырмасын орындау	
<b>Модульдің ұзақтығы</b>	1 семестр	
<b>Әдебиеттер</b>	1. .... 2. .... 3. ....	
<b>Жанартылған мерзімі</b>		

*Сервис жеке пәндердің бағдарламасынан кейін жауапты кафедра меңгерушісі қол қояды.*

**Кафедра мәжілісінде талқыланды, бекітуге ұсынылды.**

**Хаттама № « » 20 ж.**

**« » кафедрасының  
меңгерушісі: (аты-жөні)**





<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-013-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
<b>Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі</b>		12 беттің 14 –ші беті


*Ahmet Yasawi University*